



**Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі
Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитетінің мәселелері**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 31 шілдедегі N 725.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.03.25. N 297 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 21 мамырдағы N 3958 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қарамағына өтетін, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің мүлкінің бір бөлігін жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитетіне бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп бір айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған актілерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 31 шілдедегі

N 725 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия
және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау
жөніндегі комитеті туралы**

ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарларына сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативтік жоспарларын әзірлеуді және атқарушы органдардың оларды іске асыру жөніндегі қызметтерін үйлестіруді қамтамасыз ету.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) әлеуметтік-экономикалық дамудың индикативтік жоспарларын әзірлеуді, арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ атқарушы органдардың осы жоспарларды дайындау және іске асыру кезіндегі қызметін ведомствоаралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік-құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитеттің аппаратын ұстауға және оның қызметіне арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігін ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

4. Комитеттің құрылымы мен ол туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Комитет заңды тұлға болып табылады, банкте есеп-шоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрі болады.

2. Комитеттің негізгі міндеттері

6. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) атқарушы органдармен бірлесіп Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеу және олардың орындалуына бақылау жасау;

2) мемлекеттік аймақтық, макроэкономикалық, әлеуметтік және сыртқы экономикалық саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

3) мемлекеттік инвестициялардың бағдарламаларын әзірлеу;

4) экономикалық ақпаратты жедел жинау, талдау және өңдеу жүйесін жетілдіруге, жана есептеу және телекоммуникациялық жүйелердің базасында біртұтас ақпараттық жүйе құруға қатысу болып табылады.

3. Комитеттің функциялары

7. Комитет орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) әлеуметтік-экономикалық дамудың ағымдағы және орта мерзімдік индикативтік жоспарларын әзірлейді, аталған жоспарларды Үкіметтің бекітуіне енгізеді;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл жоспарларының іске асырылуына бақылау жасауда және олардың іске асырылуы жөніндегі есептерді жүзеге асырады.

3) салалық және аймақтық тұрғыда әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге талдау жасайды;

4) мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың тізбесін жасайды;

5) Комитеттің құзыретіне кіретін бағыттар бойынша мемлекеттік мақсатты бағдарламаларды әзірлейді;

6) заңдарда белгілеген тәртіппен мемлекеттік бюджет жобасының негізгі көрсеткіштерін айқындауға қатысады;

7) Қазақстан Республикасының біртұтас автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құруға қатысады;

8) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына экономикалық сараптаманы жүзеге асырады;

9) техникалық көмектерді үйлестіреді.

4. Комитеттің құқықтары

8. Комитеттің өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыруы және міндеттерді орындауы кезінде:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) атқарушы органдардың әлеуметтік-экономикалық дамудың қысқа мерзімдік және орта мерзімдік бағдарламаларын іске асыруына бақылау жасауды жүзеге асыруға, атқарушы органдарға олар қабылдаған аталған бағдарламаларды іске асыруға кедергі келтіретін актілерді тоқтату немесе өзгерту туралы ұсыныс енгізуге;

3) өз құзыретінің шегінде нормативтік құқықтық актілер қабылдауға;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізуге және келісімдерге қол қоюға;

5) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік меншіктегі мүлікке иелік етуді, пайдалануды және билік жасауды жүзеге асыруға;

6) шарттық негізде басқа атқарушы органдардың мамандарын, шетелдік және

отандық сарапшыларды тартуға;

7) нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік бағдарламаларды, индикативтік жоспарларды және басқа да құжаттарды әзірлеу үшін ведомствоаралық топтар мен консультативтік кеңестер құруға;

8) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзімдерде орталық және жергілікті атқарушы органдардан қажетті ақпарат алуға құқығы бар.

9. Комитеттің осы Ережеде көрсетілген құқықтарымен қатар, оған қолданылып жүрген заңдарда берілген басқа да құқықтары бар.

5. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

10. Комитетті Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

11. Комитет төрағасының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

12. Комитеттің төрағасы:

1) Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, оның жүйесіне кіретін органдар мен ұйымдардың қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

2) Комитетке жүктелген функциялардың орындалуы үшін жеке жауапкершілікте болады;

3) Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес атқарушы органдар мен ұйымдарда Комитетті білдіреді;

5) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

13. Комитет өзінің құзыретіндегі мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының атқаруы үшін міндетті шешімдер қабылдайды. Комитет қабылдаған шешімдер Комитет төрағасының бұйрықтарымен ресімделеді.

14. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 31 шілдедегі

№ 725 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия
және сауда министрлігі Экономикалық жоспарлау
жөніндегі комитетінің

ҚҰРЫЛЫМЫ

Б а с ш ы л ы қ

Индикативтік жоспарлау басқармасы
Салалық және аймақтық саясат басқармасы
Ақпараттық-талдау жұмыстары басқармасы
Сыртқы көмекті үйлестіру басқармасы

Ұйымдастыру жұмысы бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК